ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГОГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВАФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

50000, Алматы қ., Желтоқсан к., 83
Тел.: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

050000, г. Алматы, ул. Желтоксан, 83
Тел.: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

№ 05-06/2953
от 04.05.2021

ЖШС "Многопрофильная строительная фирма "Мунайкурылыс"
Қызылорда қ-сы, Толе би к-сі 147Б.

Алматы қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаменті, Сіздің 2021 жылдағы 12 сәуірдегі №98358 және 15 сәуірдегі №99289 арыздарыңызда көрсетілген "Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өткізген мемлекеттік сатып алу туралы №5434857-1 *«"Алматы қаласы Жайлы қалалық орта басқармасы" КММ үшін «Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 63 үй мекенжайындағы Мемлекеттік қуыршақтар театры ғимаратына жеке тұратын өндірістік жапсаржай салу»* ашық конкурсы бойынша төмендегіні хабарлайды.

Конкурстық құжаттаманың 1-2 қосымшасына сәйкес әлеуетті жеткізушіге қойылатын біліктілік талаптары (тапсырыс беруші құрылыс саласындағы жұмыстары (құрылыс-монтаж жұмыстары және жобалау жұмыстары саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды (Тапсырыс беруші толтырады) ұйымдастырушы белгілейді ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі - екінші – қалыпты, объектілердің техникалық жағынан күрделілігі – өндіріс ғимараттары, функционалдық мақсаты - тұрғын үй – азаматтық мақсаттағы объектілер, құрылыстың түрі - жаңа құрылыс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңының 21-бабының 4-тармағына сәйкес, конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар және олардың есеп-қисабы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалады.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесінің 155-тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер конкурс (лот) әдісімен мемлекеттік сатып алуға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын болса, қатысуға өтінімнің шартты бағасына жалпы пайыздық әсер осы өлшем бойынша тендер бес пайыздан аспайды.

Конкурстық құжаттамадағы ескертпенің 1-тармағы 5 қосымшасына сәйкес, егер осы конкурста жұмыс тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді.

2. Егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңның 20-бабына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері (бұдан әрі - орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері) жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.

Жоғарыда корсетілген талаптарды ескере отырып, құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілігіне (құрылыс түрлері бойынша бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы) және олардың техникалық күрделілігіне, сондай-ақ конкурстық өтінімде корсетілген құжаттарға сәйкес, конкурстық комиссияның баға ұсынысына әсер ететін критерийлері дұрыс жасалды.

Осылайша, 2 % мөлшерінде «жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша шартты жеңілдік тағайындауға қатысты тендерлік комиссияның шешімі орынды қабылданды .

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, бақылау қорытындысы бойынша, Сіздің арызда көрсетілген дәлелдемелеріңіз расталған жоқ.

Камералдық бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылауды жүргізу ережесінің 19-тармағының екінші азат жолына сәйкес жүргізілгенін атап өтеміз.

Арызыңызды қарастыру нәтижесі бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым түсіруге құқылы екеніңізді қаперіңізге береміз.

Басшысының орынбасары **Б.Бугембаев**

орн:Әбіл А
тел: 279-40-89